

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекеменің А.Иманов атындағы негізгі орта мектебінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауы жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес талдамалық

АНЫҚТАМА

Кіріспе бөлім:

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекеменің А.Иманов атындағы негізгі орта мектебі Атырау облысы, Курманғазы ауданы, Бірлік ауылдық округі, Амангелді ауылы, Амангелді көшесі №18А үй, телефон номері 87123331046 эл.поштасы: nsshimanov@mail.ru (бұдан әрі- мектеп) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы мектеп директорының 2026 жылы 19 қаңтар күнгі №01-04/1-11 бұйрығы жасақталды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілу мерзімі: 2025 жылдың 27 - қаңтарынан бастап, 2025 жыл 25 ақпан аралығында, мектебімізде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілу мақсатында төмендегі құрамда іс - алқа мүшелері құрылысын:

- 1.1. Амангалиева Г.Х - төрайымы, мектеп директоры
 - 1.2. Жумағалиев Б.Б - мүшесі, оқу ісі жөніндегі орынбасары
 - 1.3. Зинулла А.Б - мүшесі, тәрбие орынбасары
 - 1.4. Кайратова Н.К - мүшесі, педагог - психолог
 - 1.5. Жумағазиева А.С - мүшесі, іс - қағаз жүргізуші
 - 1.6. Утешова У.Н- мүшесі, есепші
 - 1.7. Кисимова А.М - мүшесі, шаруашылық жұмыстар жөніндегі орынбасары
- 2025 жылдың қаңтар айынан бастап, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы іс-шара жоспары жасақталып, бекітілді.

Сипаттама бөлігі:

I.Басқару және ұйымдастыру

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, тәуекелдерді төмендету және ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында мектеп директорының бұйырығы шығарылып, бұл жұмысқа жауапты тұлға тағайындалды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңына және нормативтік актілерге сәйкес жылдық іс - шаралар жоспары жасақталды. Мектепте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы жасақталды. Тәуекелдерді анықтауда қаржылық операциялар, мемлекеттік сатып алу, кадрлық

тағайындаулар, рұқсат беру рәсімдері, бақылау – қадағалау функциялары ашық түрде жүргізіледі.

II. Кадрлық саясат және мүдделер қақтығысы

Кадрларды іріктеу, орналастыру және қызмет барысында мүдделер қақтығысын басқару кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және алдын алу.

Қызметке қабылдау мансап орталығына хабарландыру бойынша жүзеге асады. Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу тетіктері жұмыс барысында кездескен жоқ.

Ішкі нормативтік құқықтық актілері - бар

Кадрлық құжаттар (бұйрықтар, жеке іс-қағаздары) - бұйрықтар, қызметкерлердің және оқушылардың іс-қағаздары әр қайсысы мерзіміне қарай мектептің архивінде сақталады.

Комиссия хатамалары бар.

Қызметтік тексерістер материалдары-тексеру жүргізілгеннен кейін материалдары сақталады.

Қызметкерлердің өтініштері мен шағымдары- түскен шағым-арыздары тіркеу журналында тіркелген.

Туыстық немесе жеке байланыстар бойынша жұмысқа қабылдау- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында катаң ескеріледі.

Құжаттық талдау-әр түрлі құжаттар түрлеріне қарай толтырылып, сақталу тізбелері жасалып, толықтай сақталады.

Ішкі бақылауды күшейту -құжаттардың орындалу мерзімдерін, жеке және заңды тұлғалар өтініштерін каралу мерзімдерін бақылауды жүзеге асыру. Мүдделер қақтығысын реттеу рәсімдерін жетілдіру-мүдделер қақтығысын уақтылы ашу; жеке басын куәландыратын құжаттарға жауапкершілікпен қарау.

III. Қаржы және бюджеттік үдерістер

«А.Иманов атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылға арналған бюджет облыстық білім беру басқармасымен бекітілген. Жалпы көлемі-17426200 тенге:

1. Қаржы операциялары: Барлық қаржы операциялары бекітілген сметаға сәйкес жүргізілген;

2. Негіздемесіз, құжатсыз төлемдер-жоқ.

3. Қосымша қаржы көздері: Заң талаптарына сәйкес рәсімделген.

4. Қаржының түсуі мен жұмсалуды бойынша есептілік ашық және толық жүргізілген.

5. Қызметкерлердің мүдделер қақтығысы анықталған ба – жоқ.

6. Ішкі бақылау жоспары жасалған ба -бар

Тауекел белгілері:

Ауызша келісімдерге сүйену -жоқ

Жазбаша есептің, шарттардың немесе растайтын құжаттардың болмауы-жоқ

Салықтарды және өзге де төлемдерді жинау бағыты бойынша:

1. Салықтарды төлеу және өзге де міндетті төлемдер бойынша міндеттемелерді орындау рәсімдері айқын көрінген.

2. Салықтарды және өзге де төлемдерді жинау кезінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің жұмысы реттелген және техникалық ақаулары жоқ.

3. Есептелген және нақты өндіріп алынған салықтардың, алымдар мен төлемдердің үлесі арасында айырмашылықтар жоқ.

Қорытынды:

Қаржы және бюджеттік үдерістер мектепте заңнамаға сәйкес жүргізілуде.

Тауекел белгілері анықталған жоқ.

Ұсыныс:

Барлық жауапты қызметкерлер қаржы операцияларын тек жазбаша құжаттармен бекітуін және есептілікті толық әрі ашық жүргізуін қамтамасыз етсін.

IV. Ақылы қызметтер

2025 жылы мектеп бойынша «Жалпыға бірдей білім беру» қоры есебінен мектеп асханасында ыссы тегін тамақпен қамтылған оқушы саны – 33.

Тамақтың бағасы- бір балаға 600 тенге. Жалпыға бірдей білім беру қорындағы тамаққа аударылған қаражаттың игерілуі күнбе - күнгі, ай сайын және тоқсан бойы тамақтануы қадағаланып, есеп беліміне құжаттары тапсырылып отырды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің №64 қаулысына сәйкес, 2024 - 2025 оқу жылында әлеуметтік осал санаттағы білім алушыларға жалпы міндетті білім беру қоры есебінен қаржылай көмек көрсетілді.

Аталған көмек төмендегі санаттағы оқушыларға берілді.

- атаулы көмек алатын отбасылардың балалары;
- жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың балалары;
- жетім және ата анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен отбасы балалары ;
- басқа да әлеуметтік тұрғыдан қолдауды қажет ететін білім алушылар;

Жалпы 13 ата-ана 30 оқушыға қаржылай көмек берілді. Әрбір білім алушыға 46.228 (қырық алты мың екі жүз жиырма сегіз) теңге көлемінде қаржы бөлінді. Аталған санат бойынша мектебімізде: көп балалы 25, аз қамтылған 5 отбасы балалары қамтылды.

V. Мемлекеттік сатып алу және шарттар

2025 жылы жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алу рәсімдері мен жасалған шарттардың орындалу барысын зерделеу нәтижелері негізінде әзірленді.

1. Жалпы қаржыландыру көлемі

2025 жылға мемлекеттік сатып алуға бөлінген жалпы қаржыландыру көлемі: 17426200 (он жеті миллион төрт жүз алпыс екі мың) тенге.

Аталған қаржы төмендегідей бағыттар бойынша жоспарланған және игерілген:

- *оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге - 4217519 тенге;
- *өзге тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға - 30871000тенге.

2. Сатып алу рәсімдерінің заң талаптарына сәйкестігі

Мемлекеттік сатып алу рәсімдері Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары және бекітілген жылдық жоспар талаптарына сәйкес жүргізілді.

Сатып алу барысында:

- *сатып алу тәсілдері заңнамада көзделген негіздерге сай таңдалған;
- *хабарландырулар мемлекеттік сатып алу веб-порталында уақтылы жарияланған;
- *әлеуметті өнім берушілерге тең жағдай жасалған.

Қолданылған сатып алу тәсілдері:

- *бағалы ұсыныстарға сұраным;
- *өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу;

*тікелей шарт жасасу;

*электронды дүкен.

3. Мүдделер қақтығысын болдырмау

Сатып алу рәсімдерін өткізу кезінде:

*комиссия мүшелерінің мүдделер қақтығысы тексерілді;

* әлеуметті өнім берушілермен туыстық немесе өзге де тәуелді байланыстар анықталған жоқ;

*шешімдер алқалы және ашық түрде қабылданды.

Бұл мемлекеттік сатып алу процесінде адалдық, ашықтық және әділдік қағидаларының сақталғанын көрсетеді.

4. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету 2025 жылы оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметтері бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асырылды.

Аталған қызметтерге бөлінген қаржы көлемі: 4217519 тенге.

Қызмет көрсету барысында:

* санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақталды;

*әлеуметтік осал санаттағы және бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылды;

*көрсетілген қызмет көлемі шарт талаптарына толық сәйкес келді.

5. Өзге тауарлар, жұмыстар мен қызметтер

Өзге тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға 308710тенге бағытталды.

Аталған қаражат:

*коммуналдық қызметтерге (электр энергиясы, газ, су);

*байланыс және интернет қызметтеріне;

*қауіпсіздік, өртке қарсы және санитарлық қызметтерге;

*ағымдағы жөндеу, жабдықтар мен кеңсе тауарларына;

*ақпараттық жүйелерге және техникалық қолдауға жұмсалды.

6. Шарттардың жасалуы және орындалуын бақылау

*мемлекеттік сатып алу веб-порталында тіркелді;

* заңнама талаптарына сәйкес рәсімделді;

* белгіленген мерзімдерде орындалды.

Орындалмаған шарттар бойынша төлемдер жүргізілген жоқ.

Шарттардын орындалуына мекеме тарапынан тұрақты бақылау қамтамасыз

7. Қабылдау-тапсыру актілері және құжаттама

Орындалған шарттардын барлығы бойынша:

* қабылдау-тапсыру актілері жасалды;

* жауапты тұлғалар қол қойды;

* бухгалтерлік есеп және қаржылық құжаттармен сәйкестігі тексерілді.

Бұл бюджет қаражатыны мақсатты әрі тiмi пайдаланыланын дәлелдейдi.

8. Қорытынды

2025 жылы 35088519 тенге көлемінде жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алу рәсімдері мен шарттардың орындалуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына толық сәйкес жүргізілді.

Қаржылық тәртіпті бұзу, заңсыз төлемдер немесе негізсіз шығындар анықталған жоқ.

9. Ұсыныстар

Алдағы кезеңдерде:

* мемлекеттік сатып алуды жоспарлау сапасын сақтау;

* шарттардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізу;

* құжаттаманы уақтылы және сапалы рәсімдеу ұсынылады.

VI. Материалдық құндылықтар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау барысында мектеп барысында негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және бухгалтерлік есеп талаптарына сәйкес есепке алынған. Әрбір кабинет пен құрал-жабдыққа жарапты тұлғалар директордың бұйрығымен бекітілген. Құрал-жабдықтар оқу-тарбие процесінде өз мақсатында пайдаланылуда. Жоспарға сәйкес инвентаризация және ішкі бақылау жүргізіліп отырады. Тексеру нәтижесінде анықталған кемшіліктер бойынша тиісті актілер рәсімделіп, түзету шаралары қабылданады.

Мектептегі басты мақсат мектеп құрал - жабдықтарының дұрыс пайдаланылып, бәрінің орын - орнында болуы керек. Мектептегі кабинеттердің меңгерушілері мен лаборанттары бұйрықпен беркітілген. Мектепте кабинеттерге инвентаризация жүргізіліп, бәрі басты назарда болады. Барлық мүлік тісті есептік құжаттарда тіркелген, есеп деректері нақты қолданыстағы мүлікпен сәйкестендіріледі. Тексеру барысында мүлік пен құралдардың мақсатты және тиімді пайдаланылып отырады. Оқу-тәрбие процесіне қажетті құрал жабдықтар өз арналуына сәйкес қолданылуда. Мақсатсыз немесе заңсыз пайдалану фактілері анықталған жоқ. Мүліктің сақталуына тұрақты бақылау ұйымдастырылады.

Кезеңдік түгендеу жұмыстары белгіленген мерзімдерде жүргізіледі. Сақтау шарттары талапқа сай, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздік ережелері сақталған. Қорытындылай келе, мектептегі мүлік пен құралдардың есепке алынуы, сақталуы және пайдаланылуы белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес жүргізілуде.

VII. Ата - аналармен өзара іс - қимыл

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағыты бойынша мектепте сыбайлас жемқорлық тауекелдерінің алдын алу және білім беру процесінің ашықтығының қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен жүйелі өзара іс-қимыл жұмыстары жүргізілді.

1. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары

Ата-аналар жиналыстарында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптары түсіндірілді.

Ата-аналар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, заңсыз ақша жинауға жол бермеу мәселелері бойынша хабардар етілді.

(Хаттама № 6.12.03.2026ж)

Ата-аналар чаттары арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы жаднамалар мен түсіндірме материалдар таратылды.

2. Ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету

Мектепте ата-аналардан міндетті қаржылай қаражат жинауға тыйым салынғаны туралы ақпарат берілді.

Ақпараттық стендтерде және мектептің ресми интернет-ресурсында: сыбайлас жемқорлыққа қарсы сенім телефондары;

арыз-шағым беру тәртібі;

жауапты тұлғалар туралы мәліметтер орналастырылды.

3. Кері байланыс тетіктері

Ата-аналар арасында сыбайлас жемқорлық тауекелдерін анықтау мақсатында анонимді сауалнама жүргізілді.

Ата-аналардың өтініштері мен ұсыныстарын қабылдау үшін кері байланыс арналары (мектепте сенім жәшігі, сенім телефоны жұмыс жасайды) ұйымдастырылды. Түскен өтініштер белгіленген тәртіпте қаралады, бірақ 2026 жылы ата - анадан ешқандай өтініш түскен жоқ.

4. Алын алу және тәрбиелік іс-шаралар

Ата-аналар комитетімен бірлесіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында дөңгелек үстелдер мен құқық қорғау қызметкерлерімен кездесулер өткізілді. Ата-аналар мектептің ішкі тәртіп ережелері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қағидаларымен таныстырылды.

5. Қорытынды

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналардың құқықтық сауаттылығы артты, мектепте ашықтық пен сенім қағидаттары нығайады. Сыбайлас жемқорлық тауекелдері анықталған жоқ.

VII. Құжат айналымы және ашықтық

2025 жылы Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» 2022 жыл 3 тамыздағы №348 бұйрығын басшылыққа ала отырып, сағат жүктемелері бөлінді. 2025-2026 оқу жылының тарификациясы, яғни мұғалімдерге бөлінген оқу сағаттарының саны мен олар үшін төленетін жалақы мөлшерін белгілеу процесі кәсіподақ комитетімен келісілі, мектеп директорымен бекітіліп аудандық білім бөлімінің бақылауымен жүзеге асады. Мұғалімдер үшін еңбекақының дұрыс және дәл есептелуі олардың кәсіби мотивациясы мен жұмыс сапасына тікелей әсер етеді. Сыбайлас жемқорлық тауекелдерін болдырмау үшін еңбек ақысын есептеу жүйесі ашық және әділ болуы тиіс. Осы мақсатта мұғалімдерге сағат бөлу алдыңғы оқу жылының аяғында алын-ала тарификация жасалып, педагогикалық кеңесте мұғалімдерге таныстырылады. Жаңа оқу жылының бірінші педагогикалық кеңесінде өзгерістер енгізіліп, барлық педагогтар бөлінген сағаттарына қанағаттанған жағдайда, жаңа оқу жылының тарификациясы бекітіледі.

Осы бекітілген тарификация негізінде оқу жылының әр айында мұғалімдердің жұмысқа қатыс табелін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары жүргізіп отырады. Жаңа оқу жылының тарификациясы да,

табель де 1С платформасы арқылы толтырылып, есептеледі. Табель - бұл жұмыс уақытын, еңбек жүктемесін, демалыстар мен басқа да жұмыс процестерін тіркейтін құжат. Табельдің дұрыс жүргізілуі – ұйымның қаржылық тәртібін қатамасыз ету, жұмыс уақытын тиімді жоспарлау, қызметкерлердің еңбек жүктемесін бақылау үшін маңызды. Егер табелде жұмыс уақыты, оқу жүктемесі, қосымша сағаттар немесе қосымша жұмыстар дұрыс көрсетілмесе, мұғалімдер артық немесе кем жұмыс істеп, өздерінің нақты еңбек ақысын ала алмайды. Денсаулығына байланысты еңбекке жарамсыз немесе отбасы жағдайына байланысты ақысыз күн алған мұғалімдердің сабақтары ауыстырылып, уақытша сабақ берген мұғалімдерге сабақ ауыстыру бұйрығы шығарылып, берген сабақтар саны көрсетіліп отырады. Кез келген қосымша сағаттар (элективті курс, жаһандық құзыреттілік курсы, белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар және т.б.) нақты көрсетіледі. Бұл, әсіресе, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін маңызды, себебі кейбір жағдайларда қосымша сағаттардың есептелмегені немесе кем көрсетілгені болуы мүмкін. Мұғалімдерге табельдер мен еңбек ақысы туралы ақпараттарды бақылауға мүмкіндік беріледі. Еңбекақының есептеулерінде қателіктер немесе манипуляциялар болмауы үшін әрбір мұғалім өз еңбекақысының қалай есептелгенін нақты білуі тиіс. Мұғалімдерге әр ай сайын берілетін еңбекақы туралы чек немесе жалақы туралы есеп - бұл жұмыс берушінің мұғалімдерге төлейтін жалақысының толық көлемі мен оның бөлшектерін көрсететін құжат. Бұл чек қызметкерлерге олардың еңбек ақысы туралы толық ақпарат береді, сондай-ақ салықтар, аударымдар және басқа да шегерімдер туралы мәліметтері қамтиды. Табельдің дұрыс жүргізілуі тексеріп, мектеп директоры ай сайын бекітіп отырады. Егер мұғалімдердің жалақысы қандай да бір себеппен төмендеп немесе өзгеріп отырса, оның нақты себебі анықталып, мұғалімге түсіндіріледі.

Еңбек ақысын есептеуге арналған табельдерді талдау кезінде басты назарды жұмысты дәлдігіне, ашықтығына және әділеттілігіне аудару қажет. Мұғалімдердің еңбек ақысы дұрыс есептелмеген жағдайда, бұл оның жұмыс мотивациясына және жалпы білім беру процесіне теріс әсер етуі мүмкін. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін мұғалімдердің еңбекақысын есептеу жүйесінің ашық, айқын және әділ болуы керек.

IX. Әдеп және комплаенс

Белгіленген жоспарға сәйкес, ұйымдағы әдеп нормаларын нығайту бойынша келесі іс-шаралардың орындалғанын хабарлаймыз:

1. Әдеп кодексі мен таныстыру жұмыстары.

Құжатты таныстыру: Ұйымның жаңартылған Әдеп кодексі барлық құрылымдық бөлімшелерге ресми түрде таныстырылды.

Қызметкерлерді қамту: Қызметкерлер кодексі ережелерімен толық танысып, тиісті хаттамаларға қол қойылды. Оларға әдеп нормаларын бұзудың салдары мен жауапкершілігі түсіндірілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жадынамалар таратылып, ақпараттық тақталарға орналастырылды.

2. Хабарлау тетіктері мен қауіпсіздік:

Сенім телефоны мен жәшігі: Анонимді хабарламаларды қабылдау жүйесі толық іске қосылды.

Қорғау тетігі: Хабарлама берген қызметкерлерді кез келген қысымнан қорғау бойынша құқықтық кепілдіктер қамтамасыз етілді.

3. Қорытынды бағалау нәтижелері:

Барлық іс-шаралар бекітілген регламентке сәйкес жүзеге асырылуда.

Қорытынды бағалау

А.Иманов атындағы негізгі орта мектебінде мектеп директорының 2025 жылы 19 қаңтар күнгі №01-04/1-11 бұйрығы жасақталды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілу мерзімі: 2025 жылдың 3 - қаңтарынан бастап, 2025 жыл 31 желтоқсан аралығында, Осы бұйрықта көрсетілгендей жұмысшы тобы құрылып, жұмыстар жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы туралы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес және мектептің 2025 жылға арналған жұмыс жоспары негізінде мектеп қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

1.Талдау жүргізу кезеңі:

«03»қаңтар 2025ж. – «31» желтоқсан 2025ж.

2.Талдау объектісі:

Қаржы-шаруашылық қызмет

Мемлекеттік сатып алу рәсімдері

Кадрлық тағайындаулар

Білім алушыларды қабылдау және сыныптарға бөлу

Құжат айналымы және басқару шешімдері

3.Талдау нәтижелері:

Ішкі талдау барысында: Құжаттамалардың заңнама талаптарына сәйкестігі тексерілді;

Ашықтық пен жариялылық деңгейі бағаланды;

